

## **Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 10/155 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 18 сәуірде N 1903 тіркелді "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат шешім етті:

1. Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы" облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 30 шілдедегі N 27/284 шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Облыстық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Ж.Сарбасов*

*Б.Шелпеков*

"Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы"

Маңғыстау облыстық мәслихатының 6 сәуірдегі N 10/155 шешімімен бекітілген

**Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы**

### **1. Бағдарламаның паспорты**

**Атауы:** Маңғыстау облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы

**Әзірлеуге негіздеме:** Аймақтық бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралардың 2005-2006 жылдарға арналған жоспары туралы" 2004 жылғы 4 қарашадағы N 1146 қаулысына сәйкес әзірленген

**Негізгі әзірлеуші:** Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы

**Мақсаттары:** Қазақстан халықтары тілдерін түбегейлі дамыту жөнінде негізінен 3  
мақсатты көздейді:

мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту;  
орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау;  
этникалық қауымдастықтардың тілдерін дамыту.

Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:  
мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;  
іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін белгілеу арқылы барлық мемлекеттік  
ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс  
жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

этникалық қауымдастықтар өкілдерінің ана тілін оқуына қолдау көрсету, ана  
тілдерін оқытатын жексенбілік мектептер арқылы ұлттық мәдени бірлестіктердің  
бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға қатынасуын қамтамасыз ету;  
облыс аумағындағы іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруді жеделдету.

**Қаржыландыру көздері:** Жергілікті бюджет

**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақты іске асыру, оның заң  
жүзінде бекітілген әлеуметтік функцияларын облыс аумағында қоғамдық  
қатынастардың барлық салаларында жүзеге асыру;

Қазақстан халықтарының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін және әрбір  
азаматтың ана тілінде қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін  
таңдап алуға конституциялық құқығын іске асыруға жағдай жасау.

**Іске асыру мерзімдері:** 2005 - 2006 жылдар.

## 2. Кіріспе

Маңғыстау облысындағы тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға  
арналған Аймақтық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы  
Конституциясының 7, 93 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997  
жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010  
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығына және  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010  
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың  
2005-2006 жылдарға арналған жоспары туралы" 2004 жылғы 4 қарашадағы N 1146  
қаулысына сәйкес әзірленген.

Бағдарламада аймақтағы тіл құрылысының мақсаттары мен міндеттері айқындалып,  
оларды іске асырудың басты бағыттары мен тетіктері белгіленген.

Осы Бағдарламаны әзірлеу, аймақтағы оңтайлы функционалды лингвистикалық  
кеңістік құру үшін, мемлекеттік биліктің барлық тармақтары мен тұтас қоғамның  
нысаналы да жүйелі қызметін жүзеге асырудың бірыңғай стратегиясын тұжырымдау  
қажеттігінен туындайды.

### 3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту;  
- орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; Қазақстан халықтарының басқа тілдерін дамыту бойынша жүзеге асыру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілдің іскерлік қарым-қатынастың негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшірудің кестесін белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;
- азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау;
- мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салалары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді тиісті деңгейде меңгеруі үшін қаржылық, ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
- мектеп жасына дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарының тәрбиеленушілері мен оқушыларының мемлекеттік тілді меңгеру саласындағы білімі мен біліктерінің барынша жоғарғы деңгейге жетуін қамтамасыз ету;
- облыс аумағында іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруді жеделдету;
- облыста тілдерді дамыту проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу; облыстық терминология және ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету;
- мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;
- мәдени-көпшілік шараларды мемлекеттік тілде ұйымдастыру;
- этникалық қауымдастықтар өкілдерінің ана тілін оқытуға қолдау көрсету;
- ана тілдерін оқытатын жексенбілік мектептер арқылы ұлттық мәдени бірлестіктердің бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету.

### 4. Тілдік дамудың басым бағыттары мен бағдарламаны іске асырудың тетіктері

#### 4.1. Тілдік дамудың басым бағыттары

Тілдік дамудың басым бағыттары алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындай отырып, қалыптасады. Басымдықтар сатылық тәртіппен тізбектеледі:

**1 басымдық** Мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару және іс жүргізу салаларында дамыту.

**2 басымдық** Білім беру және тілдерді оқыту саласындағы тілді дамыту.

**3 басымдық** Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салаларында тілді дамыту.

### **Тіл - мемлекеттік органдарда**

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар жүйесінде қолданылу аясын одан әрі кеңейту кадрлардың тиісті тіл даярлығын талап етеді, ол уақыт өте келе біліктілік талаптары мен қызметтік міндеттеріне қарамастан мемлекеттік қызметшілердің күллі санаттары үшін міндетті болуға тиіс. Осы мақсатта мемлекеттік қызметшілер үшін бірыңғай оқу-әдістемелік бағдарламаға негізделген оқыту курстарының орталықтандырылған жүйесін жасау қажет.

Құжат мәтіндерін мемлекеттік тілде даярлаудың орнына оларды ресми қолданылатын тілден аударудың кең тараған тәжірибесінің мемлекеттік органдар жұмысында одан әрі беки түскен үрдісі белең алып барады. Соған қарамай, ол тек уақытша шара ретінде ғана қарастырылуға тиіс. Сондықтан мемлекеттік органдарда құжаттамаларды тікелей мемлекеттік тілде жасауға кезең-кезеңмен көшуді орталықтан бекітілген жоспарға сәйкес нақты жүзеге асыру керек. Бұл ретте мемлекеттік тілдің тек іс қағаздарын жүргізу саласында ғана емес, мемлекеттік органдар актілерін әзірлеу мен қабылдау саласында да қолданылуы мәселесіне назар аудару керек.

### **Білім беру және тілдерді оқыту саласында тілді дамыту**

Тіл дамуын табысты жүзеге асырудың неғұрлым маңызды шарттарының бірі қоғамдағы жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын тілдерді оқытудың толыққанды жүйесінің тұрақты қызмет етуін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету болып табылады. Аталған жүйе түрлі деңгейлерде және әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын өзара байланысты сабақтас және мүмкіндігінше үздіксіз процесс болуға т и і с .

Балалар әлеуметтік коммуникациялардың алғашқы дағдысын құрдастарымен араласу кезінде алатынын ескере отырып, олардың бастапқы тіл даярлығында мектепке дейінгі мекемелер зор рөл атқаруға тиіс. Сондықтан олардың санын көбейту жөнінде мүмкін болатын барлық шараларды қолдану керек. Атап айтқанда қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі мекемелер жүйесін кеңейтуге назар аударған жөн.

Оқу орындары түлектерінің мемлекеттің әлеуметтік кеңістігіне одан әрі табысты кірігуі мақсатында оқыту тілі мен меншік нысанына қарамастан, барлық оқу орындарында жетекші пән болуға тиіс мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек. Бұған қажетті сағат саны басқа тілдердің есебінен емес, оқу процесін жалпы оңтайластыру нәтижесінде бөлінуге тиіс.

Мемлекеттік тілдің бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі жағдайы одан әрі де жақсартуды талап етеді. Бұл жекелеген пәндерді оқыту сапасымен қатар, олардың санына да қатысты. Бастауыш, орта және жоғары оқу орындары ұсынатын қазақ тілінде оқытылатын мамандықтар шеңбері мүмкіндігінше

шаруашылық, мәдени, қоғамдық және басқа да қызметтер саласын қамти отырып, жоспарлы түрде кеңейтілуге тиіс.

Тілдерді тиімді меңгеру саласында мүмкіндіктерді кеңейту мен тереңдету үшін дәстүрлі оқу орындарындағы оқытумен қатар басқа әдістер де керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл, атап айтқанда, халықтың түрлі оқу орындарында оқу мүмкіндігі жоқ ересек тобына қатысты.

Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдық, материалдық және техникалық жағдай жасау туралы Конституцияның 93-бабының талабы аталған топқа да қолданылуға тиіс. Ұз бетімен оқып-үйренуге арналған теле және радио хабарлар, газеттердегі арнаулы жарияланымдар сияқты қазақ тілі сабақтарын өткізудің түрлі нысандары кеңінен енгізілуі қажет. Қазақстан халықтарының тілдерін қолдау мақсатында қарым-қатынас, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға конституциялық құқықты іске асыру жөніндегі шарларды қамтамасыз ету қажет. Ана тілін үйрететін таңдаулы жексенбілік мектептер тәжірибесін жинақтау мен тарату мақсатқа сай келеді. Жексенбілік мектептерге мүмкіндігінше одан әрі қолдау көрсету керек. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында ұлт тілдерін оқытатын мамандарды даярлау жөніндегі қызметті жалғастыру қажет.

#### **Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау мен халыққа қызмет көрсету салаларында тілді дамыту**

Мәдениет саласында неғұрлым бұқаралық әрі көріністі нысандарға айрықша назар аудару қажет, бұл кино, мультипликация, сазды бағдарламалар, жастар журналдары. Қоғамдық қызметтің аталған саласында мемлекеттік ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеп, енгізу қажет.

Мемлекеттік тілдің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің неғұрлым күрделі учаскелерінің бірі халыққа қызмет көрсету саласы болып отыр. Бұл аталған саладағы тілдік қызмет мемлекеттік реттеудің күрделілігімен сабақтасып жатыр. Алайда, мемлекеттік тілдің денсаулық сақтау, сауда, көлік және байланыс сияқты салаларға енуі мүмкіндігінше мұндай ықпал ету мемлекет тарапынан жүзеге асыруға болатын жерлерде іске асырылуға тиіс. Бұл үшін, бірінші кезекте, мамандандырылған оқу орындарында - жоғары, орта арнаулы және кәсіптік оқу орындарында тиісті мамандарды даярлауды кеңейту қажет. Одан басқа, аталған талаптар атқаруға тиісті кәсіби міндеттерінің қажеттігімен сабақтасып жатқан салаларда, мемлекеттік тілді меңгеру бөлігінде міндетті талаптарды белгілеу қажет. Оларға денсаулық сақтау, байланыс, көлік ұйымдары, банктердің есеп-қасалық бөлімдері жатады.

#### **4.2. Бағдарламаны іске асыру тетіктері**

Бағдарламаны іске асырудың негізгі тетігі Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары)

көзделген іс-шаралар жүйесін жыл сайын кезең-кезеңмен орындау болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, өкілетті орган - Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру нәтижесінде бұдан алдыңғы кезеңде болған өзгерістерді ескере отырып, әрбір келесі екі жыл сайын жасайды. Сонымен бірге, бұл тікелей орындаушылардың жауапкершілігімен Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыруға бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін арттыруға жәрдемдеседі.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру және оны іс жүзінде жүзеге асыру - неғұрлым тиімді әрі нақты мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды тиімді жүзеге асыру мынадай негізгі принциптерді сақтау негізінде ғана мүмкін болады:

- орындалуына қатаң бақылау жасаумен ұштастырылған жан-жақты мемлекеттік қолдау ;

- тілді меңгеру саласындағы талаптарды мемлекеттік тілді еркін және тегін оқып-үйрену үшін мүмкіндіктер жасаумен ұштастыру;

- моральдық және материалдық мүдделілік жағдайын жасау;

- тіл құрылсын жүзеге асыру кезінде, функционалдық-лингвистикалық тепе-теңдікті сақтау ;

- тілдерді дамыту бағдарламасындағы іс-шараларды қаржыландырумен қамтамасыз ету.

## 5. Маңғыстау облысындағы тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын іске асырудың ЖОСПАРЫ

N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны
1	2	3
<b>Мемлекеттік тілдерді қолдану басқару және іс жүргізу саласында</b>		
1	"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының "Деректемелер мен визуальды ақпарат тілі" деген 21-бабының төртінші және бесінші бөлігін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Нормативтік құқықтық актілер
2	Жергілікті органдары, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың іс-қағаздарын, құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізуді қамтамасыз ету	МАЖСМ-не Маңғыстау облысы әкіміне есеп

3	Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасы Заңының мемлекеттік ұйымдарда орындалуын бекітілген кестеге сәйкес тексеру	М А ж С М - не Маңғыстау облысы әкіміне ақпарат
4	Мекеме басшыларының өз жұмыс орындарында мемлекеттік тілді дамыту мен оны қолдау деңгейін кеңейту және олардың жауапкершілігін күшейту мақсатында, арнайы комиссия құру	М А ж С М - не ақпарат
<b>Білім дамыту</b>	<b>беру және тілдерді оқыту саласындағы</b>	<b>тілді</b>
5	Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында қазақ тілінде оқытатын бөлімшелердің және қазақ тілінде оқытылатын пәндердің санын арттыру жөнінде шара қабылдау (бөлімшелердің жалпы санын арттырмастан)	М А ж С М - не ақпарат
6	Өзге тілдерде (орыс) оқытатын мектеп-тердегі қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру	М А ж С М - не ақпарат
7	Жалпы білім беретін орта, орта кәсіби және жоғары кәсіби оқу орындарының өзге тілдерге оқытатын бөлімдерінде қазақ тілін оқытуға арналған сағаттар санын оқу процессін оңтайландыру жолымен негізгі оқу жоспары бойынша жалпы сағат санын көбейтпей арттыру жөнінде шаралар қабылдау	М А ж С М - не ақпарат
8	Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша халықаралық олимпиада шеңберінде облыстық олимпиада өткізу	М А ж С М - не ақпарат
9	Жалпы білім беретін орта, орта кәсіби және жоғары кәсіби оқу орындарын қазақ тіліндегі электрондық, тағы басқа да оқу құралдарымен және қазақ тіліндегі ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз ету шараларын алу	М А ж С М - не ақпарат
10	Өзге ұлт өкілдеріне мектепке дейінгі тәрбиені өз ана тілінде	М А ж С М - не ақпарат

	беруді қамтамасыз етудің шараларын алу	
11	Жалпы білім беретін орта оқу орындарының қазақ тілі мамандарының қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесінің жаңа тәсілдерін жасақтау	М А ж С М - не ақпарат
12	Жалпы білім беретін мектептер базасында оралмандарды қазақ әліппесіне оқытуды ұйымдастыру	МАжСМ-ге есеп
13	Оқу орындарында тілдерді дамыту мәселелері бойынша социологиялық зерттеу жүргізу	М А ж С М - не ақпарат
14	Ана тілдерін зерделеу жөніндегі жексенбілік мектептер арқылы бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға ұлттық-мәдени бірлестіктерді тарту	М А ж С М - не ақпарат
15	Мемлекеттік қызметкерлер үшін "Мемлекеттік тілді үйрету және оны дамыту орталығын" ашу	Облыс әкіміне ұсыныс
16	Орыс тіліндегі оқитын мектептерде қазақ тілі пәнін оқытуды жетілдіру шараларын ұйымдастыру	М А ж С М - не ақпарат
17	Қазақ тілінде оқытатын және тәрбие беретін топтар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының санын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру. (мектепке дейінгі мекемелердің жалпы санын арттырмай)	М А ж С М - не ақпарат
18	Жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған қазақ тілінде оқытатын ұйымдар желісін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау	М А ж С М - не ақпарат
19	Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, оқу-ағарту ісінің үздігі, педагог, ақын, өлкетанушы, тіл және өнертанушы-қайраткер марқұм Шарелхан Әленовтың педагогикалық өмірі, шығармашылығы туралы ғылыми конференция ұйымдастыру	Маңғыстау облысы әкіміне ақпарат
<b>Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету</b>		
20	Маңғыстау облысы әкімшілік-аумақтық бірліктердің бойынша	



	және физикалық-географиялық атаулардың қазақ тіліндегі әліпбилік көрсеткіштерін шығару	М А ж С М - н е ақпарат
21	Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық карталарын қазақ тілінде шығаруды жалғастыру	М А ж С М - н е ақпарат
22	Облыста тілдерді дамыту проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу	МАЖСМ-ге есеп
23	Мемлекеттік органдарға қазақша - орысша және терминологиялық сөздіктерді алдыру	МАЖСМ-ге есеп
24	Тілдерді дамыту проблемалары бойынша мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік тілді білуге арналған конкурстар өткізу	М А ж С М - н е ақпарат
25	Облыстың кітапхана мекемелерін қазақ және Қазақстан Республикасы халықтарының басқа да тілдеріндегі әдебиетпен жүйелі түрде толықтыруды жалғастыру	М А ж С М - г е есеп
26	Облыстық терминология және ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету	М А ж С М - н е ақпарат
27	Тілдерді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған дөңгелек үстелдер, семинар-кеңестер өткізу	МАЖСМ-ге есеп
<b>Мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдары және халыққа қызмет көрсету саласында тілді дамыту</b>		
28	Ұлттық мәдени орталықтар арасында "Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру - азаматтық парызымыз" атты облыстық байқауды өткізу	МАЖСМ-ге есеп
29	Оралхан Бөкей атындағы көркем сөз оқу шеберлерінің облыстық байқауын өткізу	МАЖСМ-ге есеп
30	"Үздік аудармашы" облыстық байқауын өткізу	МАЖСМ-ге есеп
31	22 ақпан халықаралық ана тілі күні қарсаңында облыста тұратын өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен шаралар ұйымдастыру	М А ж С М - н е ақпарат
32	Мемлекеттік және басқа тілдердегі хабарлар көлемінің	

	арасалмағының сақталуы жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ету	М А ж С М - не ақпарат
33	Наурыз мерекесінде "Қазақтың киіз үйі" атты облыстық көрме байқауын өткізу	М А ж С М - не Маңғыстау облысы әкіміне есеп
34	"Мемлекеттік тілді құрметтеу - елді құрметтеу" деген тақырыпта Қазақстанға, өлкемізге белгілі қазақ және өзге ұлт өкілдері мен теледидарда, білім беру аудиториялары мен мәдениет ордаларында кездесулер ұйымдастыру	М А ж С М - не Маңғыстау облысы әкіміне есеп
35	Мемлекеттік мекемелер арасында іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу деңгейін көтеру мақсатында арнайы облыстық байқау өткізу	М А ж С М - не Маңғыстау облысы әкіміне ақпарат
36	Қазақстан халықтары тілдерінің республикалық фестивалі шеңберінде "Мемлекеттік тіл - менің тілім" атты өзге ұлттар жастарының арасында қазақ халқының тілін білу деңгейін анықтауға арналған облыстық конкурс ұйымдастыру	МАЖСМ-ге есеп
37	Республикалық байқаудың шеңберінде "Қазақ тілінің үздік оқытушысы" атты облыстық байқау ұйымдастыру	МАЖСМ-ге есеп
38	"Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары" атты республикалық байқау шеңберінде облыстық байқау өткізу	МАЖСМ-ге есеп
39	Жергілікті ақпараттық басылымдар бетінде "Тіл - тәуелсіздіктің кепілі" атты арнайы рубрикалар ашу	МАЖСМ-ге есеп
40	"Тіл - ұлт байлығы" тақырыбына аймақтық ғылыми-практикалық конференция өткізу	МАЖСМ-ге есеп
41	Көлік пен байланыс, сауда, денсаулық сақтау және тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама-ақпараттық қызмет көрсету салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	М А ж С М - не ақпарат
42		

	"Ауыл - ана тілдің бастауы" атты өлкемізге белгілі әдебиет-өнер таланттарының қатынасуымен жүрмелі үгіт-насихат поезын ұйымдастыру	М А ж С М - не ақпарат
43	Мемлекеттік мекемелер аралық "Үздік іс жүргізуші" атты облыстық байқау ұйымдастыру	М А ж С М - не ақпарат

N	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар мың теңге		Қаржыландыру көздері
			2005	2006	
1	4	5	6	7	8
1	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
2	Қала, аудан әкімдері, облыстық департаменттер мен басқармалардың және аумақтық органдардың басшылары	Үнемі (Маңғыстау облыстық мәслихатының 30.01.04ж. N 3 / 39 шешіміне сай)	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
3	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005-2006ж. 10 маусым және 10 желтоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
4	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	1 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
5	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Маңғыстау облысының білім департаменті және аудан, қала әкімдері	2005-2006ж. 20 қараша	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді

6	Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 10 қараша	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
7	Аудан, қала әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 4 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
8	Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 2 тоқсан	250,0	250,0	Жергілікті бюджет
9	Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 4 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
10	Аудан, қала әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
11	Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж.	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
12	Қала, аудан әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 20 қараша			Республикалық бюджет
13	Маңғыстау облысының білім департаменті	2005-2006ж. 2 тоқсан	80,0	80,0	Жергілікті бюджет
14	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005-2006ж. Үнемі	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
15	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 ж. 3 тоқсан	5640,0	4270,0	Жергілікті бюджет
16	Маңғыстау облысының білім департаменті	Тоқсан сайын	250,0	250,0	Жергілікті бюджет
17	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,	Жыл сайын 20 қараша	-	-	

	Маңғыстау облысының білім департаменті және қала, аудан әкімдері				Қаржыландыруды қажет етпейді
18	Қала, аудан әкімдері, білім департаменті	Жыл сайын 4 тоқсан	200,0	400,0	Жергілікті бюджет
19	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Маңғыстау облысының білім департаменті, мәдениет басқармасы	2005 ж. 2 тоқсан	250,0	-	Жергілікті бюджет
20	Қазақстан Республикасы жер ресурстары жөніндегі Агенттігінің, Маңғыстау облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті	2005-2006ж. 4 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
21	Облыс, қала, аудан әкімдері, Қазақстан Республикасы жер ресурстары жөніндегі Агенттігінің Маңғыстау облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті	2005-2006ж. 4 тоқсан	45,0	45,0	Жергілікті бюджет
22	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005-2006ж.	60,0	60,0	Жергілікті бюджет
23	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі	2005-2006ж.	110,0	110,0	

	басқармасы, қала, аудан әкімдері				Жергілікті бюджет
24	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005-2006ж. 2 тоқсан	150,0	150,0	Жергілікті бюджет
25	Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы	Үнемі	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
26	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі департаменті	Жыл сайын 4 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
27	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, мәдениет басқармасы, Маңғыстау облысының білім департаменті	2 тоқсан 4 тоқсан	170,0	173,0	Жергілікті бюджет
28	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Қазақстан халықтары Кіші Ансамблеясы, мәдениет басқармасы	Жыл сайын 3 тоқсан	125,0	125,0	Жергілікті бюджет
29	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, мәдениет басқармасы, Маңғыстау облысының білім департаменті және қала, аудан әкімдері	2005-2006ж. 3 тоқсан	100,0	100,0	Жергілікті бюджет
30			90,0	90,0	

	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Жыл сайын 3 тоқсан			Жергілікті бюджет
31	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, мәдениет басқармасы, Маңғыстау облысының Кіші Ассамблеясы, Маңғыстау облысының білім департаменті	Жыл сайын 1 тоқсан	85,0	85,0	Жергілікті бюджет
32	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Маңғыстау облысының ішкі с а я с а т департаменті	Үнемі	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
33	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қала, аудан әкімдері	Жыл сайын 1-тоқсан	210,0	210,0	Жергілікті бюджет
34	Қала, аудан әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті, мәдениет басқармасы	Жыл сайын 2 тоқсан	350,0	350,0	Жергілікті бюджет
35	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Жыл сайын 2 тоқсан	80,0	80,0	Жергілікті бюджет
36	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,	Жыл сайын 3 тоқсан	100,0	100,0	

	қала, аудан әкімдері				Жергілікті бюджет
37	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қала, аудан әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті	Жыл сайын 4 тоқсан	125,0	125,0	Жергілікті бюджет
38	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қала, аудан әкімдері	Жыл сайын 2 тоқсан	100,0	100,0	Жергілікті бюджет
39	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қала, аудан әкімдері	Жыл сайын	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
40	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Маңғыстау облысының білім департаменті, Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы	2005 ж. 4 тоқсан	300	-	Жергілікті бюджет
41	Қала, аудан әкімдері, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті	Жыл сайын 4 тоқсан	-	-	Қаржыландыруды қажет етпейді
42	Маңғыстау облыстық		200,0	200,0	Жергілікті бюджет



	тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, аудан, қала әкімдері, Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы	Жыл сайын 2 және 4 тоқсан			
43	Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қала, аудан әкімдері	Жыл сайын 3 тоқсан	75,0	75,0	Жергілікті бюджет

Ескерту: МАЖСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК